



№91 (9978)
18 қараша
сенбі
2023 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мәселе

Киіктің киесі ұрмасын



Елде киік аулауға да рұқсат берілгеніне біршама уақыт болды. Мұндай бұйрық 6 қазаннан бастап күшіне енгені белгілі. Киіктерді атуға рұқсат берген күннен бастап әлеуметтік желіде жануар өлекстерінің жәшіктеріне сурет-видеоаралар тарайды. Қасақана өлтірілген жануардың өлекесіне қарап, тірі жанның не жазығы бар деп ойланасың? Жасыратыны жоқ, қоғамда киіктің аулануына қатысты түрлі пікір туындады. Қазақтың таным-түсінігінде киік киелі жануар саналады, соған орай «киіктің киесі ұрады» деген сөзді алға тартқандар да табылды.

Қазақстандық зооқорғаушылар елде киік ату науқаны басталғалы киіктер Батыс Қазақстан облысынан Ресей аумағына үдере көшіп жатқанын айтып, дабыл қақты. Табиғат жанаушыларының сөзіне сүйенсек, киіктің санын реттеуде атудан бөлек те айлашарғылар бар.

– Киік – миграция жасайтын жануардың түрі. Ресейге көшеді, қайта Қазақстан аумағына келеді. Жануарлар әлемі табиғаттың бір бөлшегі

болғандықтан, қазір оны ауласа, арты ешқандай жақсылыққа әкелмейді. Барлық нәрсенің негіздемесі болуы керек. Киіктерді аулау мәселесі бойынша көп нәрсе өлі түсініксіз. Көп мәселеде ашықтық жоқ. Халықаралық қорларда киіктер ауыл шаруашылығына шығын келтірсе, қаржы төлейді. Сондай мүмкіндіктер бар. Яғни қасқырды тоқ қылып, қойды аман қалдыратын жолдар бар. Сондай жолдарды табуды талап

етеміз, – дейді зооқорғаушылар.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі бүгінге дейін елімізде қанша киік атылғаны нақтылап, 13 қарашадағы мәлімет бойынша жалпы 15 380 киік ауланған. Оның ішінде Ақмола облысында 10, Батыс Қазақстан облысында 3 944, жалпы 3 954 киік арнайы қоршауға алынып ұсталса, ату арқылы 11 426 киік, нақтырақ айтсақ, Ақмола облысында 1 833, Қарағанды облысында 2049,

Қостанай облысында 1 479 және Батыс Қазақстан облысында 6065 бас жойылған.

Осы ретте «Атылған киіктердің еті мен мүйізі не болмақ?» деген заңды сұрақ туындайды. Бірақ бүгінде киік еті сыртқа экспорттауға Үкімет дайын емес. Сондықтан бұл өнім тек Қазақстанда сатуға рұқсат берілген. Елде 7 ет комбинаты айқындалған. Бұл өндіріс ошақтары өнімнің сапасы мен ветеринарлық қауіпсіздігіне

толықтай жауап бере алады.

Жергілікті халық тарапынан келісі 1600 теңгеге бағаланған киелі жануардың етіне сураныс та жоғары екен. Бұған киік етінің төрт түліктен арзан болуы себеп. Тіпті шұжық пен паштетке артық ет қалмай жатыр. Ал киіктің мүйізін Қытайға сату жоспарланып отырғаны белгілі болды.

Киік мүйізін заңсыз иелену бойынша қаншама қылмыс ашылуда. Мәселен, ақтөбелік азамат киік мүйіздерін сатамын деп жаза арқалаған. Ол мүйіздерді хабарландыру сайты арқылы 35 мың теңгеге сатпақ болған. Сатып алушының орнына полиция байланысқа шығып, жануардың мүйізін заңсыз сатпақ болғаны үшін қылмыстық іс қозғайды. Ол киік мүйізін заңсыз сатуға тырысқанын мойындаған. Келтірілген шығын 5 млн 175 мың теңгеге бағаланған. Сот оны қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп тауып, 3 жыл 6 айға бас бостандығынан шектеді. Сондай-ақ сот мемлекетке 5 млн 175 мың теңге төлеуге міндеттеді.

Сонымен келті алаңдатқан киік ату науқаны 1 желтоқсанда ресми тоқтайды. Одан кейін ақбөккендерге мылтық кезеңдер заң жүзінде жазаланады. Ал 2024 жылдан бастап 1 қазан мен 15 қараша аралығында киік аулауға рұқсат өтіледі.

Иә, қазақ өзіне жақын тұтып, аялап, қие санайтын жануардың бірі – киік. Қызға «Құралай» деп ат қою, елден ерек сүйкімдіні «Киіктің лағындай» немесе «Құралайдың көзіндей мөлдір» деген өдемі теңеулер халқымыздың сайын даланың еркесіне деген ерекше көзқарасынан, оны жанына жақын тұтқанынан туса керек.

Киік қазақ секілді сайын даланы еркін мекендеп, судың тұнығын ішіп, ауаның тазасын жұтып, көшіп-қонып жүреді.

Халқымыз мамырдың аяғына таман соғатын суық желді «Құралайдың салқыны» деп бекер айтпапты. Өйткені бұл уақытта күтпеген жерден ызғарлы суық келіп, жаңбыр мен қар араласып жаууы мүмкін. Дәл осы кезеңде киіктер төлдейді. Киелі

жануар алдын ала шыбын-шіркей жоламайтын, үнемі жел есіп тұратын беткейді таңдайды. Ақбөкен басқа жануарлар секілді шаранасын жаламай, лағын бірден төпелеп тұрған жаңбыр суының астына тосып, өзі де жаңбыр суына тазаратын көрінеді. Шарананы желдің өзі келтіреді.

Киіктің тағы бір ерекшелігі, жетімін жатқа қалдырмайтын қазақ секілді жетім қалған лақтарды далаға тастап кетпейді екен. Маң далада аналық алдынан маңырап шыққан жетім лақты өмізіп, бауырына басып, өзімен бірге қалдырмай ертіп жүре беретін мейірімді жануар деседі. Сонымен бірге ақбөкеннің өн далада ойнақтап жүрген мыңдаған лақтың ішінен өз төлін адаласпай табатын қасиеті тағы бар.

Олардың тағы бір ерекше қасиеті, ұрғашы киіктер іштегі ұрғашы немесе еркек болып туылуын өздері реттейтін көрінеді. Егер араларында текелері азайып бара жатса, сол жылы кілең еркек лақтарды өмірге әкелетін, өз өсімін өзі бақылайтын жер бетіндегі бір ғана жануар осы киік. Осыдан кейін Құдайдың құдіретіне таң қалмай көріңіз!

Ақбөкендердің айрықша қасиетінің бірі – мәрттігі мен сәртке берілтігі. Олар соңынан қуған қуғыншы – ажалдың алдын кесіп өтуге ұмтылып, ақыры бір кесіп өтеді екен. Егер аяғы сүрініп сұлап түссе, жанары мөлтілдеп жата береді. Тіпті алқымына пышақ тақасаң да ажалының көзіне тура қарап, тұяқ серіппейтін киіктің киелілігінің бір дәлелі. «Ажал ауызында жатқан киіктің тұңғыш көзіне қарау мүмкін емес» дейді табиғат жанаушылары.

Мамандар ақбөкендердің 87 түрлі өсімдік түрімен қоректенетінін алға тартады. Халықтық медицинада киіктің мүйізінен тұяғына дейін ем болатыны содан. Өсімдікті жыл мезгілдеріне сай талғап, таңдап жейтін кірпіжін жаратылыс иесі. Бұл да киіктің киелі жануар екенінен хабар беріп тұрғандай.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Аңдатпа Бірлікпен тірлігін түзеген



4 бетте

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі»
Ахмет Байтұрсынұв



Қадірлі оқырман!

Мерзімді басылымдарға 2024 жылдың I жартыжылдығына жазылу басталды. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.



Еңбек адамы



Күткеніміз – кәнігі қойшы. Ауыл әкімі «қойшымыз да келе жатыр» деп шаңдатқан көлік бағытына қарап қояды. Ақ джиппен жүйткіп келген ол да уақ малдың бабын білген кәнігі шопан екен.

1000 қойы бар Қорғанбек

«Қойды өрістен түгел айдап әкелу үлкен жауапкершілік болатын. Қой кезек біз үшін кәдімгідей жұмыс еді. Қазір ойлап отырсам, сонда мал бағу, төрт түліктің қадірін білу деген қасиеттің асыл дәнегі бізге сонау бала күннен бойымызға егіліпті. Мал бағудың қыр-сырын бала кезімізден үйренген екенбіз ғой» деп бастады өңгімесін.

Бұл – томаға-тұйық тірлігімен ерекшеленіп, мамыражай ауыл шаруасымен күнелткен қаракеткендік еңбек адамы Қорғанбек Ералиев. Әрине мемлекеттің негізгі құрамымыз – ауыл. Қаншалықты қиын кездерді бастан кешсе де ауылдың қайнаған тірлігі өз жалғасын таба береді. Шыны керек, соңғы жылдары ауыл халқы көсіппен айналысуға машықтанып келеді. Бұрын қолда бар малды түгел сатып, қалаға қарай ағылатын жұрт қазір қорасындағы төрт түлігін көбейтіп, шаруашылық ашуға бет бұруда.

Бала кезінен ауылда өсіп, атакәсіптің қыр-сырын жақсы білетін Қорғанбек мал шаруашылығының ішінде қой басын көбейтуге ықыласы ауыпты. Мемлекеттен «Сыбаға» бағдарламасы арқылы 14 пайызбен 37 млн теңге несие алып, кәсібін бастап кетеді. Бір қызығы, сол 14 пайыздың 4 пайызын кәсіпкер өзі төлесе, қалған 10 пайызын мемлекет

субсидиялаған. Осылайша ол қаржыға 480 қой сатып алып, «Жанель» шаруа қожалығын құрады. Тірлік бастаудан сексенбеген еңбек адамының шаруасы ширап кетті. Төккен тер зая кеткен жоқ, бүгінде қой саны 1000-ға жуықтаған.

– Ақыры мал баққан соң кәсібім өнімді, табысты болса деген мақсат қойдым. «Мал баққанға бітеді» деп қазақ бекер айтпаған. Мал бағу оңай шаруа емес. Бейнәсіз зейнет болмайтыны белгілі. Ыстық-суығына төзсең ғана табысың еселене түседі. Бұрынғыдай емес, қазір ауыл тұрғындары малдың қадірін білді. Мен қойларымыз ауылдан 20 шақырымда орналасқан жайылымдық жерде бағамын. Ауыл тұрғындарына да жұмыс беріп отырмын. Қазір шаруашылықта 5-6 ауыл азаматы еңбек етеді, – дейді кәсіпкер.

Шаруақор кісінің айтуынша, баққан адамға қойдың пайдасы ұшантеңіз. Сатсаң пұл сойсаң ас, киесе киім болады. Бірақ ауылда қойды мында бағуға жем-шөптен мәселе бар. Кейіпкеріміз қол қушырып отырмай, жаз келсе, қолдан келгенше мал азығын қамдап алуға машықтанған. Жетпегенін ауыл шаруаларынан сатып алады екен.

Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары мал азығының да құны шарықтап тұр. Осыдан 3-4 жыл бұрын 400-500

теңгеден пұлданатын 1 пресс жоңышқа бүгінде 1000 теңгеге бірақ шыққан. Сонымен қатар мал баққан шаруаларға мемлекеттен мал азығына бөлінетін субсидияның да қысқартылғанына 2 жыл болыпты. Мұның малшыларға оңай тимей тұрғаны рас.

Қорғанбектің қой етімен тұтастай ауданды қамтамасыз етуге қаунары бар. Еттің келісін 1900 теңгеден өткізе, 1 қойды мал базарда 45-50 мың теңгеден пұлдайды. Елде ет бағасы шарықтаған шақта кәсіпкердің мұндай қолжетімді баға қойғағы көңіл көншітеді.

Қорғанбек ата-бабамыз тұрмыс-тіршілігінде әсіресе қойдың терісі мен жүнін көбірек пайдаланып, киім қылып, төсеніш қылып, баспанасын сонымен жауып, барлық кереметіне жарата білген. Бүгінде сол жүн мен тері қадірсіз қоқымға айналып, қай жер болса сол жерде құрттап, шіріп, көрексіз үйінді болып жатыр. Шаруа адамының айтуынша, бұл бағытта жасалып жатқан жұмыстар жоқтың қасы, тіпті аймағымызда қой жүнін іске жарататын өндіріс ошағы жоқ. Мәселен, жылына 2 рет мал қырқатын кәсіпкер, қой жүні мен терісін өртейді, басқа амалы да жоқ.

Иә, ауылдағы халық осы мал үшін отыр емес пе? Мал өсіріп, күн көріп жатыр. Әрине мынадай қымбатшылық

заманда мал баққан оңай шаруа емес. Олардың жем-шөбінің өзі қыруар ақша. Алайда бұл кесіпті мықтап қолға алған Қорғанбек аға бұлай ойламайды. Ол «келешекте кәсібімді кеңейту – басты жоспарым» дейді. Мемлекеттен қаржылай қолдау болса, ауыл маңынан мал бордақпайтын кешен ашу ойында бар.

– Еңбек етімін деген адамға қашанда жұмыс табылады. Мал күтіміне баса мән берілсе, мол өнім алуға болатынын айттып келеміз. Шаруалардың өндірген өнімдерін өткізуде, мал азығын дайындауда, материалдық-техникалық жабдықтауда, мал басы өнімділігін жетілдіруде мемлекет ерқашан қаржылай көмек беруге дайын. Оның бір дәлелі, қазір қаладан ауылға көшкен тұрғындар саны артты. Қаракеткенде мал шаруашылығының қарқынды дамуы ауылда жаңа жұмыс орындарын ашуға, ауыл тұрғындарының әл-ауқатының артуына, қалаға көші-қон легінің жеделуіне айтарлықтай оң ықпал етеді, – дейді ауыл әкімі Әділ Тоқтаров.

«Адам еңбегімен бағалы» деген рас екен. Қой баққан Қорғанбек Ералиевтің мақсаты – айқын межесі – биік. Оған біз осы сапарымызда көз жеткіздік.

Жандос ЖАЗКЕН

Алтын ұя

Білімділердің бірегей ордасы

Мектеп – тәрбие мен білімнің қазыналы ордасы. Бүгінгі жас ұрпақ білімді болса, еліміздің келешегі кемел болары хақ. Шәкірттері облыстық, республикалық, халықаралық білім бәйгелерінде жыл сайын топ жарған Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 мектеп ұжымы да осы талапқа сай жұмыс жасауда.

Есімі елге мәлім қоғам қайраткерінің атын арқаулаған білім ошағынан дарынды шәкірттердің көптеп шығуы да заңдылық. Туған жеріне адал қызмет етіп, саналуан тақырыпқа қалам тербеген талантты азаматтың басшылық, іскерлік қабілеті көпке үлгі.

Зейнолла Жарқынбаев атындағы мектеп 2009 жылы ел игілігіне берілген. Мектеп ғимараты «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы бойынша типтік жобадан



1100 орынға лайықталып салынған. Қазіргі таңда онда 707 оқушы білім алууда.

Мектеп қазіргі заман талабына сай материалдық-техникалық базамен заманауи кабинеттермен қамтамасыз етіліп, әр кабинет техникалық құралдар мен компьютерлер, интерактивті тақталармен, сондай-ақ әр пәнді терең оқытуға мүмкіндік беретін оқу бөлмелерімен қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Атап айтсақ физика, химия, кабинеттерін аталған білім ордасынан табуға болады. Сонымен қатар аудан бойынша алғаш рет мектепте биыл «Qazaqstan halquna» республикалық қоры есебінен r-ged robotics education кабинеті жасақталған. Бұдан бөлек білім саласын дамытуға және педагог кадрлардың өлеуетін арттыруға қосқан үлесі үшін «Білім шыңы», «Шабыттың ақ желкені», «Білімнің биік тұяғы», «Үздік жаңашыл мектеп», «Білім бәйтерегі» сынды бірнеше номинацияға қол жеткізген.

Былтыр Зейнолла Жарқынбаев атындағы мектеп оқу жылын үлкен жетістікпен қорытындылады. Быыл да оқу жылын бұдан да жоғары жетістікпен тәмамдауды көздеп отыр.

2022-2023 оқу жылында мектепті 31 түлек бітірген. Оның ішінде 4 оқушы «Алтын белгі», 2 оқушы – «Үздік аттестат» иесі. ҰБТ нәтижесімен түлектер 100 пайыз мемлекеттік грантпен жоғары және арнаулы оқу орындарына түскен. 25 оқушы жоғары оқу орнының студенті болса, 6 оқушы ақысыз негізде арнаулы оқу орнында білім алуда.

– Быыл түлектердің ҰБТ-ға дайындығы жаман емес. Қазіргі таңда мектеп ұжымы мен ата-аналар үмітін арқаулаған 47 түлектің 1-еуі «Алтын белгіге», 4-еуі «Үздік аттестатқа» үміткер. Мұғалімдердің тынымсыз еңбегі мен уақытылы дайындықтың нәтижесінде оқушыларымыз алдын ала дайындық сынақтарынан жоғары балл жинауда. Мектепте оқушыларға мүмкіндігінше сапалы білім беріп, тұлға қалыптастыруға барлық жағдай жасалған. Оқушыларымыз жан-жақты, үнемі ізденіс үстінде. Білікті мамандардан білім алатын шәкірттеріміздің зерек болуы да заңдылық. Білекеп емес, біліммен озатын заманда оқушыларымыз жыл сайын түрлі байқаулар мен білім бәйгелерінен, әсіресе ҰБТ-да жоғары нәтиже көрсетуде. Әрине оның артында ұстаздардың әр сабақты бір сарымен өткізбей, оқушыларды жалықтырып алмауда жаңаша, тың идеялармен тәжірибе алмасу арқылы өткізіп жатқан ерен еңбегі бар, – дейді мектеп директоры Гүлнар Бекмолдаева.

«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» демекші, бұл саладағы жұмыстың жемісті болуы ең алдымен маманның біліктілігіне байланысты. Быылғы оқу жылында мектеп оқушыларының пәндік олимпиада, ғылыми жоба сынды білім бәйгелерінде бақ сынап, жүлделі орын иеленуі сөзсімізді қуаттайды.

Оқу жылы басталғалы аудандық сайыстардан мектептің 17 оқушысы жүлдегер атанған, ал облыста 2 оқушы, рес-

публикалық сайыстарда 2 оқушы мектеп абыройын асқақтатқан.

Мұнда балалардың ыстық тамақпен қамтылуы да бір ізге түскен. Мектепте 390 оқушы сапалы ыстық тамақпен қамтылған. Оның ішінде 1-4 сынып аралығында оқитын 289 бала бар. Бүгінге дейін бұған қатысты ата-аналар тарапынан арыс-шайым түспеген. Мектеп директорының оқушыларға берілетін астың сапасы қатаң бақылауында екен.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жазира Ұзаққызы балалар бір ауысымда білім алатынын айтады. Ал түстен кейін олар бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында түрлі үйірмелер мен қосымша сабақтарға қатысады. Бүгінде мектепте 17 үйірме тұрақты жұмыс жасауда. Мәселен, «Қыпқалам», «Ақмошақ» үйірмесі мен «Домбыра» ұлттық-аспаптар ансамблі қолөнер мен түрлі спорттық ойындарды меңгеруге бағытталған. Оқушылар бойындағы талапты, шығармашылық қабілетті шыншайтын үйірме мүшелері толағай табысқа жетіп, облыстық, республикалық жарыстарда туындылары топ жарған.

Мектепте оқушыларды білім-ғылымға баулитын түрлі шаралар көбіне кітапхананың ұйымдастыруымен өтеді. Күн сайын іші балаға толатын кітапхана қорында 47 989 кітап болса, оның ішінде 10075-і – әдеби әдістемелік, 28 332-сі – оқулық, 500-і – балаларға арналған кітап.

Ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» дегенін ескерсек, ел ертеңі болған жастарды тұлға етіп қалыптастыруда білім беріп қана қоймай, ұрпақ тәрбиесінде де басымдық берген жөн. Осы бағыттағы ұстаздар ұжымының еңбегі де өз жемісін беруде.

Ақтоғы БҮРКІТБАЙ



Маман мерейі



Дарияш медбике

«Қателеспесем, 2009 жыл. Жаңа нысанға енді көшіп келген кез. Оқушылар мектептің ауасына үйренісе алмағандықтан болар, бір күнде бірнеше бала талып қалатын. Бірде мектептің есігінен енгенім сол еді, жанұшыра атымды атап шақырған дауыс мені елең еткізді. Дерек талып қалған оқушының жанына барып, алғашқы медициналық көмек көрсеттім» деп әңгімесін бастады медбике апай. Әр минут сайын адам өмірін құтқаруға қарым-қабілетін арнап, дертіне дауа тауып, әрқашан көмек қолын созуға дайын тұратын ақхалатты абзал жан Дарияш Әліпбаеваның Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектепте жұмыс жасап жатқанына 20 жылға жуықтаған.

2003 жылдан бастап білім ордасындағы әр балаға өз баласындай қарап, үлкен жауапкершілікпен жұмыс жасайтын Дарияш Жарыққапқызы бұл қызметті мінсіз әрі абыроймен атқарып келеді. Мейірімділігі мен жылуы, шыдамдылығы мен мамандығына деген адалдығы арқылы балалардың дертінен сауығуына септігін тигізетін жан өз ісінің маманы. Басы ауырып, балтыры сыздаған әрбір жан білікті маманның көмегіне жүгінеді. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін салаға саналы жұмырын арнап, ұстаз бен оқушының саулығы үшін уақытпен санаспай жұмыс жасайтын жанның еңбегі көпке үлгі.

– Бір күнде бірнеше бала ауырып, кем дегенде күніне 10-15 оқушы алдыма келеді. Қазіргі балалар өте елсіз. Бір тиген тұмаумен қайта ауырған оқушылар да бар. 20 жылдың ішінде басымнан көптеген оқиғалар өтіп, бір күнде бірнеше мәрте жедел жәрдем шақырған күндер де болды. Алдыма келетін балалардың көбі бас және көз ауруымен ауырғандар. Өздеріңіз білетіндей, қазір еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін телефонға тәуелді. Балалар түнімен телефон көріп қана қоймай, көзін аша салысымен телефонға қайта кіріп кететіні тағы бар. Соның салдарынан көптеген оқушымыз көзім

ауырды деп жатады. Осы тұста біз оқушылардың ата-аналарына бала телефонына тәуелді болмас үшін түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, қандай да бір аурудың алдын алу мақсатында еке алу керектігін ескертеміз, – дейді медбике.

Иә, мектепте сапалы білім берумен қатар ел ертеңі болған жастардың денсаулығы да маңызды. Өмір жолын денсаулық саласымен ұштастырып, жас ұрпақтың саулығын басты назарда ұстайтын кейіпкерім қызметінде халықтың ризашылығы мен алғысын алудан асқан ешқандай бақыт жоқ деп біледі.

А.ЕРЖАНҚЫЗЫ

Сұхбат



Мектеп парламенті мүмкіндіктерге жол ашады

Өскелең ұрпақ – еліміздің ертеңі. Мемлекет олардың сапалы білім, тағылымды тәрбие алуы үшін барлық жағдай жасайды. Ауданда шеті жоқ білім атты теңізде еркін жүзіп жүрген білімді жастар жетерлік. Солардың бірі Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің оқушысы, мектеп президенті Айзере Мақсұтпен сұхбаттастық...

– **Жастар білім бәйгелерінде сыналады, сол арқылы жетіледі дейді. Өзіңнің білім шыңын бағындырып, жарыстарда алған жетістіктерің қандай?**

– Қазір мектепте біздің қабілетімізді ашып, дамыту үшін көп жағдай жасалған. Соның арқасында жетістіктерім де көп. Солардың бірі – республикалық «Тарих ата» қашықтық олимпиадасы. Манат Қаражанованың жетекшілігімен ғылыми жоба қорғап, II орынға қол жеткіздім. Облыстық пәндік олимпиадада «Құқық негіздері» пәнінен қатысып, III орынға ие болдым. Одан бөлек көптеген олимпиада мен жарыстан да топ жардым.

– **Уақытты тиімді пайдалана білу де өнер. Бос уақытыңды қалай өткізесің?**

– Бос уақытыма сурет салған ұнайды. Ол бойынша да өзімді бір-екі рет жарыстарда сынап көргенім. Сонымен қатар спорттық жарыстарға да қатысып тұрамын. Кітап оқып, оны талқылауды ұнатамын. 10 сыныпта оқымын, ҰБТ-да жақын осы бастан қызу дайындық үстіндемін. Болашақта мықты заңгер болғым келеді.

– **Қазір бұрынғыдай емес, мектептер заманауи үлгіде дамып келе жатыр. Саған мектеп жүйесінде қандай жоба ұнайды?**

– Иә, бізге үлкен мүмкіндік жасап жатқаны рас. Мен қазір мектепте президент қызметін атқарамын. Бұл жүйе жайында кинолардан көретінім жеті мектепте де сондай қызмет болғанын қалаймын. Қазір осы жүйенің арқасында мектеп ішінде ғана емес, аудан, облыс, тіпті республика көлемінде түрлі жарыстарға қатысып, басқа мектеп президенттерімен танысып, жан-жақты дамыдамыз. Сондықтан мектептегі дәл осы жүйе өзімнен қатты ұнайды.

– **Мемлекетте Президенттен деген – расында өте үлкен жауапкершілігі бар қызмет. Ал мектептегі президент қандай қызметтер атқарады?**

– Ең алдымен мектептегі оқушылардың үлгеріміне көмектесіп, одан кейін мектептің іс-шараларын жүргіземіз. Жұмыстарды жалғыз мен емес, топпен, яғни парламентпен ұйымдастырамыз. Жанымда көмектесетін 8 министр бар. Берілген тапсырмаларды бәрміз бірге атқарып отырамыз. Өзіміздің әлеуметтік желіміз бар, сол жерге барлық жасаған жұмысымызды саламыз. Ал оны білім бөлімінен үнемі тексеріп, бақылап отырады.

Мектеп парламенттері арасында ай сайын «60 секунд» деген жарыс өтеді, яғни онда межеленген уақыт ішінде әр оқушыға сұрақтар қойылады, соған нақты әрі мүддірмей жауап беру қажет. Быыл біз аудан ішіндегі мектептер арасында I орынға ие болдық.

Жалпы тек аудандық емес, республикалық деңгейде мектеп парламентімен түрлі жарыстар өтіп тұрады. Мәселен, «Жас лидер» деген жарысты айтып өткім келеді. Бұл – өте жақсы ұйымдастырылған жоба. Егер мектептен бір оқушыны ұсынып, оның лидерлік қабілетін дамытуға көмектеседі. Біздің мектептен 17 оқушы қатысып жатыр, жасаған жобалар іріктеліп, жазда Алматы қаласында өтетін ақтық кезеңге жолдама алады. Өзім қазір бұл жарысқа «Астрономия кабинетін ашу» тақырыбында жоба ұсындым. Себебі астрономияға қызығамын, ал мектепте бұл сала қатты дамымаған. Осыған байланысты түрлі ұсыныстар жазып, жобамды өткізіп қойдым. Егер жасаған жұмысым ұнап, қолдау тапса, бас жүлде 1 млн теңгені жеңіп аламыз.

– **Қазіргі мектеп президенттеріне айтатын кеңесің немесе ұсынысың бар ма?**

– Ең бірінші өздеріне деген сенімділік пен жасай алмаймын деген ойдан құтылу керек. Екіншіден, әрбір адамның өз ұстанымы болуы шарт, сол ұстанымын еске ала отырып, өзін жігерлендіруі маңызды. Үшіншіден, білімді дамытып, әрқашан ізденісте болу керек. Уақытың жетпей жатса да ізденуді тоқтатпа, оқу мен іздену уақытыңды босқа кетіру емес, керісінше білім алуға таптырмас мүмкіндік.

– **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан Ақпұр АЛТЫНБЕК



ЖҰЖАТ

Комиссия отырысы Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің жарқын көрінісі

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссия отырысы өтті. Жиында мемлекеттік рәміздердің насихатталуы және қолданылуының жай-күйіне жүргізілген зерделеу жұмыстарының қорытындысы негізінде тиісті тапсырмалар берілді.

Мемлекеттік рәміздер – біздің елдігіміздің бейнесі, мәдениетіміз, тарихымыз бен менталитетіміздің көркем түйіндісі. Еліміздегі азаматтарды Мемлекеттік рәміздерге деген құрметті олардың өз Отанын қандылықты сүйетінін және жақын болашаққа деген сенімін, адамгершіліктің биігі мен отансүйіштігі қасиетінің көрсеткіші деуге болады. Сондықтан әрбір азамат мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға міндетті, – деді Ардақ Әбдіғалпарұлы.

Комиссия отырысында мемлекеттік рәміздерді насихаттауға арналған барлық мекеме басшыларына мемлекеттік рәміздердің талапқа сай орналасуын тұрақты бақылау және мемлекеттік рәміздерді пайдалану кезінде кемшіліктерге жол беріп, кейбір заңнама талаптарын бұзған мекемелерде анықталған кемшіліктерді қалпына келтіретіндігі жөніндегі есептерді ұсыну тапсырылды.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өтетін аудан әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысы өтті. Басқосуда Жалағаш ауданының полиция бөлімінің 2023 жылдың 10 айында құқық бұзушылық пен қылмыстылық жағдайы және оның алдын алу шаралары туралы мәселе қаралды.

Күн тәртібінде қаралған мәселеге байланысты бірқатар тапсырма берілді. Аудандық полиция бөліміне құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алуға бағытталған профилактикалық шараларды күшейтіп, өсім алып отырған қылмыстарға аса көңіл бөліп, оларды саралау арқылы нақты әрі заңға сәйкес шешімдер қабылдауды тапсырды. Сонымен қатар кафедрелер мен мейрамханалар орналасқан жерлерде жергілікті атқарушы органдар мен үкіметтік емес ұйым мүшелерімен бірлескен рейд ұйымдастыру, өндірістігі қылмыстық істермен жан-жақты, толық және объек-

Қоғам дертіне қарсы күрес бәсеңдемейді


Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия отырысы өтті. Күн тәртібінде Жаңаталап аудандық округі бойынша және аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарған шаралары тыңдалды. Басқосуда А.Әбдіғалпарұлы күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты бірқатар тапсырма берді.

Нақтырақ айтсақ, кент, аудандық округ әкімдері, аудан бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы орган басшыларына әрбір сала бойынша мекеменің айналысатын қызметіне ішкі талдау жұмыстарын жүргізіп, тәуекелі жоғары қызметтер анықталған жағдайда жоғары тұрған органды нақты ұсыныс беруді тапсырды. Сондай-ақ халық көп шоғырланатын орындарда және мекеме ғимараттарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағытында тақырыптық билбордтар, постерлер ілінудің қамтамасыз ету қажеттігін қаперге салды.

ҚР 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыруға арналған іс-қимыл жоспарының уақытылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз ету бөрінен маңызды. Осы ретте аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне мекемеде қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру, олардың орындаушылық тәртібі мен әдеп нормаларын қатаң сақтауына тұрақты бақылау орнату, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде өткізілген әрбір шара жергілікті баспасөз бетінде және әлеуметтік желілерге тұрақты жариялау, сала бойынша тәуекелдерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында ұжымда күшейтілген профилактикалық іс-шараларды жүргізу тапсырылды.



Мұнан кейін Аққум және Таң ауылдық округтеріндегі мемлекеттік рәміздердің қолданылуы мен насихатталуы бойынша хабарлама негізге алынып, барлық ауыл әкімдеріне мемлекеттік рәміздердің жай-күйіне мән беріп, жауапкершілікпен қарау жүктелді.



Жынында аудандағы мемлекеттік мекемелерге, кәсіпорындарға, дербес бөлім басшыларына, кент және ауылдық округ әкімдеріне мемлекеттік рәміздердің берікілген Ұлттық стандарттарға және ҚР

сақтауға, еңбекке және өзге де қоғамға пайдалы қызметпен айналысуға, білім деңгейі мен мәдени деңгейін арттыруға бағытталған шараларды қабылдау жүктелді. Ал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, аудандық полиция бөлімі, аудандық пробация қызметі, кент және ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп, шартты түрде бас бостандығынан айырылған азаматтар тізіміндегі қайта қылмыс жасауға бейім



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңға сәйкес мекемеде бағыншыты қызметкерлердің қылмыстық сипаттағы сыбайлас жемқорлыққа жол бергені үшін мемлекеттік органдар бірінші басшыларының дербес жауапкершілігі институты енгізілгенін білесіздер. Қызметкерлер жұмысына, орындаушылық тәртібіне бақылауды күшейтуді, әрбір қызметкермен персоналды түрде про-

Объявление

КТУ «Аппарат анима сельского округа Енбек» в соответствии с Приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан №70 от 2 февраля 2015 года и Приказа Министра Культуры и спорта Республики Казахстан №209 от 17 июля 2015 года объявляет конкурс на вакантную должность директора коммунального государственного казенного предприятия «Сельский дом культуры Алкошкар» аппарата анима сельского округа Енбек.

Қаржыгерлер құрмет төрінде

Ұлттық валюта теңге күні қаржы қасасы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай аудан әкімі Ардақ Ибраимов сала қызметкерлерін қабылдап, құрмет көрсетті. Басқосуда Ардақ Әбдіғалпарұлы ауданда да сала ардагерлері мен қызметкерлері өңірдің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқанын жеткізіп, елдің ырысын еселеуде әлі де сапалы еңбек ететініне сенім білдірді.



Бұл – ерекше мереке. Осыдан тура 30 жыл бұрын 15 қараша күні қазақстандықтардың төл теңгені қолдарына ұстаған кезінде Қазақстанның тәуелсіз ел болғанын шынайы сезінген еді. Төл теңгеміз тәуелсіздіктің айшықты символдарының біріне айналды. Халықтың көңіліне сенім ұялатып, болашаққа нық қадам басуына жол ашты. Мемлекетіміз өлемдік дағдарысқа лайықты төтеп беріп, мызғымас қуатын дәлелдеді. Жалағаш ауданында да экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған жұмыстар үздіксіз жүргізіліп, нәтижесінде экономикада тұрақты өсім қалыптасып, даму көрсеткіштері артып, Аудандық бюджеттің салықтық түсімдері жылдан-жылға ұлғайып келеді. Салықтық түсімдер көлемінің ұлғайғаны аудандық бюджетте кіріс көлемінің өсуіне ықпал жасады, – деді аудан әкімі.

Айта кетейік, 10 жыл бұрын аудан бюджеті 6,1 млрд теңге болса, биыл бұл көрсеткіш 11 млрд теңгеге жетті. Табысқа жету жолында тәжірибелі, өз ісіне шынайы берілген білікті мамандар мен қаржы саласы қызметкерлерінің де өзіндік үлесі бар, осы ретте өңір басшысы қаржы саласының ардагерлері мен сала мамандарына алғыс білдірді.

Жиында ардагерлер мен сала қызметкерлері облыс әкімінің және аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Ардақ Әбдіғалпарұлы Жалағаш ауданының қаржы-экономика саласында ұзақ жылдар басшылық қызметте болып, халықтың құрметіне бөленген Мәлік Қайыпов, Нұрман Қосымбетов, Қалдан Қойшығұлов, Жалғас Құлымбаев, Қадырбай Бақтыраров, Бердан Амитов, Болат Тәшімбетов секілді білікті басшылардың есмідерін ерекше атап өтіп, облыс әкімінің қабылдауында «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған Жалағаш аудандық қазынашылық басқармасының басшысы Әмірбек Жақсылықұлын арнайы құттықтады. Сондай-ақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәдік Әліев, қаржы-экономика саласын 21 жыл басқарған сала ардагері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Болат Тәшімбетов тарихи кезеңдердің өзіндік ерекше тұстарына тоқталды.

«ЖЖ» ақпарат

Хабарландыру

Жалағаш кентінің табиғи газ тұтынушыларының назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2023 жылғы 26 қазандағы №44-НҚ бұйрығымен «Қызылорда газ тарату жүйесі» ШЖҚ КМК-ға газ тарату жүйелері бойынша тауарлық газды тасымалдау жөніндегі қызметтерге уақытша өтемдік тарифтің бекітілуіне сәйкес Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушыларға (халыққа) тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің шекті бағасы 1000 м3 үшін 2023 жылғы 1 желтоқсаннан 2024 жылғы 30 қарашаға дейін ҚҚС-сыз 14673,01 теңгеден 14466,61 теңгеге дейін төмендейді.

БООИ 191240024876, лицензия №20003713 от 26.02.2020

Сағынышпен еске аламыз, өзіңді



Қамшының сабындай қайран өмірдің бір күні шарт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті. Иә өмір болған соң өрте ме, көш пе, айтуыр өзекті жанға бір өлімнің көтеріл хақ. Бұл дүние – уақытша ғана тұрақ.

Зымырап жатқан уақыт деген осы екен, аяулы анамыз Базарқұл Аханқызының арамызда жүргені кеше ғана сияқты еді. Сол аяулы жанның келмесітің кемесіне мініп, мөңгілік мекеніне де кеткеніне тура 10 жыл болыпты. Саналы ғұмырын бала тәрбиесі мен отбасына арнаған анамыз дүниеге 3 ұл, 5 қыз әкеліп, оларды тәрбиелеп өсірді. Анамыз өзі дүниеге әкелген 8 баламен бірге өмірден ерте озған үлкен анамыздан қалған алты баланы да бауырына басып, әкемізбен екеуі тәрбиелеп өсіріп, ұлдарды ұясына, қыздарды қиясына қондырды. Олардан немере-шебере сүйді.

Аллаға шүкір дейміз, ата-анамыздан тараған ұл-қыздар бұл күнде мәуелі бейтерекке айналып, бір-бір шаңырақтың иесі болып отыр, сонымен қатар түрлі салада елдің өркендеуіне қажырлы еңбек етеді.

Бүгінде жеткен жетістіктеріміз асқар тау әкеміз бен аяулы анамыздың бізге берген саналы тәрбиесі, ақыл-кеңесі мен тузу жолға салған еңбектерінің арқасы деп білеміз. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылып, анамыз жайлы тек өткен шақпен естеліктер айтып отыратынымыз жанымызға батады. Анашым, біз сізді сағынамыз, еске алып, құран бағыштаймыз. Жатқан жеріңіз жәннаттың төрі болсын, иманыңыз жолдас болсын, аяулы ана. Артыңызда қалған іздеріңізді жалғастырышыңдар ұрпақтарыңызға Алла амандық берсін деп шүкіршілік етеміз.

Анажан, шаңыраққа болдың пана, Жамандық қылмауы едің ешбір жанға. Амап не, жоқсыз бүгін ортамызда. Сағындық, ана, сізді баршамыз да. Жан-ана, ұл-қыздың тірегі едің, Тірі болсаң, қарқырап жүрер едің. Болмасаң да бүгін біздің жанымызда, Айтқан сөзің, төтті күлкің жадымызда.

Жұбанышпен жанымыз жабырқалауы, Сағынышпен туғандары еске алады. Өзіңізбен өткен күндер, Жадымызда мәңгіге сақталады.

Еске алушылар ұл-қыздары, көліңдері, күйеу балдары, немере-шеберелері

Хабарландыру

«Енбек аудандық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі 2015 жылғы 2 ақпандығы №70 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі 2017 жылғы 17 шілдедегі №209 бұйрығына сәйкес Енбек аудандық округі әкімі аппаратының «Ақшосқар аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының басшысы бос лауазымына конкурс жариялады. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Қадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар және/немесе педагогикалық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмыстары) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім және/немесе ғылым және/немесе арив іс және/немесе экономика және/немесе құқық саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орнынан аяқтатқан адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар және/немесе бизнес және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмыстары) бойынша ғылыми дәрежесі бір адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Лауазымдық міндеттер: Енбек аудандық округі әкімі аппаратының «Ақшосқар аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметіне басшылық етеді.

Шығармашылық, қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырады және клуб мүлкінің сақталуын жүзеге асырады; өлді мекен (қашымданду), сондай-ақ жаңдан мандағы өлді мекен (ауыл кент) тұрғындары арасында мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастырады; клуб жұмысының жоғарын жасайды, бекіткені және оның орындалуын қамтамасыз етеді; көркемөнерпаздар ұйымдары мен бірлестіктердің жұмыстарын ұйымдастырады; демалыс көштерін, тақырыптық концерттер, көштер және көпшілік шараларды өткізеді; қоғамдық клуб бөлшектеріне мәдени-өкілшілік шаралар жүргізуде әдістемелік көмек көрсетеді; қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру үшін жағдай жасайды; көгермелілік, шығармашылық бастамаларын ынталандырады; ұйым қызметкерлерінің өндірістік және еңбек тәртіптері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ережелерді, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауларын бақылайды.

Білу тиіс: ҚР-ның Конституциясы, Бюджет кодексі, Енбек кодексі, «Атқарулық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, клуб

орындауын қамтамасыз ету бөрінен маңызды. Осы ретте аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне мекемеде қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру, олардың орындаушылық тәртібі мен әдеп нормаларын қатаң сақтауына тұрақты бақылау орнату, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде өткізілген әрбір шара жергілікті баспасөз бетінде және әлеуметтік желілерге тұрақты жариялау, сала бойынша тәуекелдерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында ұжымда күшейтілген профилактикалық іс-шараларды жүргізу тапсырылды.

Ұлттық мерекелеріне қатысуға және еңбекке бағытталған шараларды жүргізу тапсырылды.

Конкурсның комиссиясы

Жалағаш аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, экзисіні аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Еспенбет Жасұлан Ердаңұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті 15:00-ден 19:00-ге дейін	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3	8(72431) 31-9-95

Ауыл тынысы



Тілшілік тіршілікпен тағы да жолға шыққан жайымыз бар. Бағытымыз – Қаракеткен ауылы. Иә, елді мекенде негізінен басқа ауылдардай күріш алқаптары жоқ, ауылдағы ағайын бақша салайын десе, аяқ су тапшылығы бағбандарды қос бүйірден қысып тұр. Былтыр осы мәселені шешу үшін жергілікті билік қос жобаны қолға алған, бірақ ол тек ауылдың ішін ғана аяқ сумен қамтуға арналған. Елді мекенді аралап шыққан соң алдымен ақсақалдармен жүздесудің сәті түсті. Бұл – аудандағы теміржол бойында орналасқан жалғыз елді мекен. Сондықтан ауылдың тарихы да бізге қызық болып тұр. Жақсылық көкеміз де бұған қатысты сауалымызға жауапты әріден бастады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Бірлікпен тірлігін түзеген



Қаракеткеннің тарихы қалай?

1905-1906 жылдары теміржолдың салынуына қатысқан жұрттың қоныстануынан Қаракеткен бекеті бастау алыпты. Ауыл ертеректе «Орынбор-Ташкент» теміржолының бойында орналасқан. Бірақ Жақсылық Алдоңғаров одан бұрын да бұл жерде халық қоныстанғанын айтады. Қаракеткен деп аталу себебінен келсек, көнекез қариялардың айтуы бойынша теміржол құрылысы қарқын алған шақта Шығыс жақ беттегі «Қалияра» шүңейтіне ірі қара суға кеткен. Сол кезден бастап «Қаракеткен бекеті деп аталған» деген дерек бар.

Елдің өрісі тарылғаны кеше ғой, негізінен 1931 жылы Қаракеткенде машина-трактор станциясы құрылыпты. Ол станцияның солтүстік-шығыс бетінде орналасқан. Бұл МТС сол кездегі Қармақшы ауданына қарасты 32 колхозға техникадан жәрдем берген. Тіпті техниканы оқып үйретуге арналған мекемеді де болған деседі. 1946 жылы МТС Жалағашқа көшіріледі.

1932-1933 жылдары Қаракеткен теміржол станциясының Оңтүстік бетінде 1 бөлмелі Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп салынған. Сол жылы мектепте 30-дан астам оқушы білім алыпты. 1952 жылы су тасқыны кезінде мектеп ғимаратымен қоса жеке үйлер де құлап, халыққа қиындық туырған. Сол кездегі ауылдық кеңестің ұйымдастыруымен ауылдағы ағайын жұмыла жаңа мектептің құрылысын бастайды. Құрылысы 1953 жылы аяқталған білім ошағы 1989 жылға дейін жұмысын жалғастырған.

Станцияның екі жақ бетіне сол жылдары тұрғын үйлер, ауылдық кеңсе салынады. Сол тұста «Игілік» балық колхозы деп елді мекеннің аты өзгерген. Қаракеткен атын төңірекке танымал еткен «Игілік» балық колхозы 1928 жылы ұйымдастырылған артелдің бірі болатын.

Негізінен ауылдың айналасы сулы да нулы болған. Балық ауланатын көлдерден су үзілмеген. Үлкендердің айтуы бойынша ауыл іргесіне дейін сулы көлдер болыпты. Балықшылар балықты Қаракеткен аумағындағы «Майлықөл», «Кіндіккөл», «Үйсінкөл», «Түйе кеткен» сияқты 7 көлден аулап отырған. Ұлы Отан соғысы жылдары колхоз 13 мың тоннадан астам балық аулап, «Отан қорғау» қорына жөнелткен.

1955-1958 жылдары Бүкілодақтық халық шаруашылық көрмесіне қатысып, колхоздың аты Кеңес одағына мәлім болған деседі. 1964-1965 жылдары колхоздың аты халық шаруашылығы

жетістіктері көрмесінің «Құрмет» тақтасына жазылған. 1965 жылы Балық шаруашылығы Министрлігінің ауыспалы «Қызыл Туына» ие болды. Сырдария мен Қараөзек суының азайып, ауыл маңындағы көлдердің құрғауына байланысты Министрлер Кеңесінің 1967 жылы 16 қазандағы қаулысымен «Игілік» балық колхозы таратылған.

1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталуына орай мұнда Ақтөбе облысынан мал шаруашылығы көшіріледі. Мал шаруашылығына тұрақты жер болмай, олар 2 жылдай көшіп-қонып жүреді. 1943 жылы оларға тұрақты мекен етіп бұрынғы «Ақтив» колхозының орны берілген. Міне, осы жерде 1943 жылы «Жалағаш» совхозы ашылады. Алғашында 700 бас ірі қара болыпты, 1947 жылы Ақтөбе облысының 3 мың бас жібек жүнді мирнос қойы алынады.

Елдің өрең еңбегінің арқасында 1958 жылы совхозда қой саны 42 мыңға жеткен. Совхоз үкіметке сапалы қаракөл терісің, ет, жүн өткізіп, жоғары жетістікке жетеді. «Жалағаш» қой совхозы 3 фермаға бөлініп орналасады.

Көктем шығысымен шопандар Қарақұл жайлауына көше бастайды. Жалағаш совхозының жарты жылдық тарихында ел дәулетін асыруға еңбегі сіңген ауыл еңбеккерлері көп. Олардың ішінде «Еңбек даңқы» орденімен иесі, шопан Т.Ермекбаев, «Еңбек Қызыл ту» орденін алған жүргізуші М.Өлментаев, «Құрмет белгісі» орденімен иесі, шопан Ж.Нұрбаев бар.

Сол жылдары ауылда 45 орындық балабақша салынады. 1989 жылы ұшқабатты мектеп үйі пайдалануға беріледі. қосқабатты шаруашылық кәсіпсіз іске қосылады. 1991-1993 жылдары совхоз таратылып, жекешелендіруге көшеді. Совхоздың мүлкі, жері ауыл адамдарына үлестірілген.

Жұртқа жайылымдық жер жайсыз болып тұр

Жоғарыда тоқырау жылдары ауылдың барлық мүлкі мен жері жергілікті халыққа үлестірілгенін айттық. Қамбар ақсақалдың сөзінше, сол тұста 14 кәсемсот, 100-ден астам Газ-3 техникасы елге берілген. Мұнан бөлек әр адамға 15 уақ малдан үлестіріліпті. Кейін Сәрсен деген азамат ауылда шаруашылық ашып, елді жұмыспен қамтитынын айтқан. Сөкеңе 75 отбасы техникасымен бірге 28 мың гектар жайылымдық жерін сеніп тапсырады. Тоқырау жылдары шаруаны ширату да қиын болса керек, арада жыл өткенде ел шаруашылық жұмысы шатқаяқтап, жабылыпты-мыс. Осы тұста төраға

тең 4686 гектар жерді алып қалып, қалғанын үкіметке тапсырады. Кейін ол жерлер аукцион арқылы кәсіпкерлерге берілген деседі.

Тұрғындардың сөзінше, әлгі 5 мың гектарға жуық жерді де шаруашылық иелері Аққұм ауылындағы кәсіпкерге сатқан, олардың айтуынша, жазда ол 7 мың бас жылқысын осында жаяды екен. Ал бұған қатысты ауыл өкімі Әділ Тоқтаров не дейді?

«4686 гектар жерді шаруашылық төрағасы жұбайына 49 жылға сыйға берген, былтыр ол «Нұрдаулет» шаруа қожалығына сенімді басқаруға берген. Елдің айтып отырғаны рас, қазір ол 6 мыңнан астам жылқысын жайлауда сонда жаяды. Бірақ негізінен ол жерге заң бойынша 285 жылқысын кіргізу керек. Ертен осы талап бойынша тісті бөлмелер мен аудан өкімінің салаға жауапты орынбасарымен ақылдасамыз. Ел айналып маған келеді, бірақ мәселені шешу шыны керек, менің қолымнан келмейді. Ал 28 мың гектар жердің қалғаны мемлекетке өтеді, кейін бұл жерлер аукцион арқылы сатылымға шығып, кәсіпкерлерге үлестірілген. Қазір ауылда жайылымдық жер үлкен мәселе болып тұр, оны жасыра алмаймыз»

Әдекенді де түсінуге болады, «елге болсын» дегенмен ісінді зан көтермесе, қайда барсыз? Бірақ қазір күршітпін былай қойғанда бақша баптауға да қолы қысқа халықтың шынында өрісі тарылып тұр. Дұрыс, мемлекет кәсіп бастаймын деген азаматтарға барлық жағынан жәрдемін аяп жатқан жоқ. Десе де соны кезінде өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай жүзеге асыруға болар ма еді, кім білсін?»

Келер жылы халық бақша баптауға кіріседі

Ауыл халқын аяқ сумен қамту үшін 2 су ұңғымасы қазылған. Бірақ бұл тек ауыл үшін ғана аяқ сумен қамтамасыз етуге қаунары. Жергілікті халық бүгінде бақша салуға білек сыбана дайын отыр. Яғни келер жылы канал бойынан насос орнатып, жағасындағы жерге бақша салуға ниетті. Техника жағынан Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев көмек беруге уәде етіпті.

Қос дарианың ортасында отырмыз, бірақ аяқ су жетпейді. Ауылдың іргесінде канал бар, соны ауыл өкімі қазып, елдің бақша салуы үшін жер ашуға талаптынын отыр. Сол каналдың бойына бұрын бақша салып, қыстық азығымызды қамдайтынбыз. Енді майсуына көптеп қаражат жинап, бақша егуге ниеттеніп отырмыз. Имамзада Шағыртаев та көмек беремін деп отыр.

Каналға су келсе, жанындағы бақшалық жерімізді матормен суарамыз, – дейді ауыл тұрғыны Жақсылық Алдоңғаров.

1400 тұрғын мекен еткен елді мекенде 102 кәсіпорын жұмыс жасап тұр. Жалпы халықтың саланы түрлендіруге талабы таудай. Осыған дейін «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 3 адам құжат тапсырған. Алдағы уақытта бұл жобалар қолдау тапса, жалпы құны 28 млн теңгеге ауылда кәсіпорындар құрылады.

Шағын цех өнімі тұтынушылар талабынан шығуда

Биыл 2 адам мемлекеттік бағдарлама көмегімен кәсіп ашқан. Олардың қатарында Назгул Сыдыққызы да бар. Пайыздық үстемалысы төмен несиеге қол жеткізген оның қондырлық өнім өндіруді қолға алғанына көп болмаған. Алайда кәсіпнің көкжиегін кеңейтуді өлден жоспарлап отыр. Бұл мұндағы өнімдерге сұраныстың көптiгiн аңғартса керек.

– Мемлекеттік бағдарлама арқылы 6 пайызбен 6 млн теңге несие алдым. Тиісті қаражатқа чехқа қажетті құрылғылар сатып алдым. Өнімге сұраныс мол. Маусымның аяғында өз өнімдерімді нарыққа шығара бастадым. Алдағы уақытта кәсіпімнің көкжиегін кеңейту жоспарда бар. Мұнда ұннан жасалатын тәттілердің барлығы бар. Мұны отбасылық бизнес десем де болады. Жолдасым да маған қолғабыс етеді, – дейді кәсіпкер келішөк.

Назгул қазіргі таңда өз өнімдерімен 3 ауыл мен көп тұрғындарын қамтамасыз етіп отыр. Қаракеткен Далдабай және М.Шөменов елді мекендерінің халқы шағын цех өнімдерінің тұрақты тұтынушысы десе де болады. Ал аудан орталығындағы сауда орталықтары мұндағы өнімдерге көптеп тапсырыс береді. Мұнан бөлек қазіргі таңда ол көптеп өз өнімдерін сататын дүкен де ашты.

– Негізінен сұраныс жоғары, қазір айтсам, мақтанғандай боламын ғой, бірақ бұл бір жағынан мұндағы өнімдер сапасының жоғары екенін аңғартса керек. Бізге жан-жақтан той-томалақ, құдайы-астарда да сұраныс түсіп жатады. Оның барлығын өз өніммен қамтамасыз етіп отырмын. Бүгінде шағын цех менен бөлек тағы 2 адамды жұмыспен қамтып отыр, – дейді Назгул Сыдыққызы.

Назгулге қалай мақтанса да жара-сақ, бірақ ол мақтанбайды, жасап жатқан жұмысына қарап марқаяды. Халық саны көп қалаларда мұндай істі қолға алуға жүрексінітіндер де жетерлік. Оның қасында кейіпкеріміз шағын ауылда кәсіпін ширатып отыр.

Негізінен ауылдық округке қос елді мекен қарайды. Орталығы – Қаракеткен ауылы, мұнан бөлек Далдабай елді мекені де ауылдық округке кіреді. Қаракеткенде 12 ішкі көше болса, оның алтауына асфальт төселген 11 көшеге жарық жүргізілген. Далдабайдағы 6 ішкі көшенің барлығында асфальт жоқ. Тіпті 5 көшеге тас та төселмеген. Бұған қатысты ауыл өкімінің де арнайы жобасы әзір тұр. Сөзіне сүйенсек, ауылдық округтегі мәдениет үйі, кіреберіс жолға жарық жүргізу, емхана, көшелерді асфальттауға қатысты бірнеше жоба дайындалуда. Жарқын жобалар қаржылай қолдау тапса, ел игілігін көреді.

Жалпы ауылдың тазалығында мін жоқ, соған қарағанда санитарлық-тазалық жұмыстарына басымдық берілген сияқты. Ауыл өкімінің жаңағы жобалардан бөлек басқа да жоспарлары жоқ емес, келер жылы халықтың бақша салуына жағдай жасалса, алдағы уақытта жайылымдық жер мәселесі де реттеліп қалар.

Поэзия



Жапырақ-Тұмыр

Сарғайған бақта өзгерген мүлдем реңі,
Жапырақ бірде жыллайды, бірде күледі.
Онсыз да оның бір сәттік келте тұмырын,
Зулаған мынау қатыгез күн кеміреді.

Басталып жаңа өмірдің өні көктемде,
Сыбырлап еді ерке жел төнін өпкенде.
Күз келіп енді сарғайып мұңға батады,
Қызықсыз екен тіршілік мәні кеткенде.

Ілініп тұр-ау үміті сағағына өрен,
Жұбатқым келді кетпеліп тамағма өлең.
Өткіні екен ғой расында Өмір дегенін,
Қарасаң бір сөз жапырақтың жанарыменен.

Күзгі көңіл

Көлегейлеп Күн нұрын,
Аспанның да қабағы қауланып тұр бүгін.
Түрер оның желіккен жел түндігін.
Жұбатады ал бірақ
Сабағына басын сүйеп жылап тұрған Гүлді кім?
Ауысқанда ауадағы ағыстар,
Бүрсеңдейді қанаттылар – таныс хөл...
Қаусап қалған қара талдың басынан да бағы ұшқан.
Ал адамдар бағыттары беймәлім
Жапырақтарды жаншып кетіп барады
Бір-бірімен жарысқан.

Естімейтін дүниені дүрбелен,
Ызыңдаған бағаналар тұр керен.
Көк пен Жердің арасында дірілдеп,
Өмір жайлы өлең тұр тек өлмеген.

Көргендерім:
Жанарымның ішіндегі сурет екен сүреңсіз,
Көңіліме үңілсем –
Өн салып тұр мәңгі Көктем бүрлеген.

Бір жамбасқа Күн аунап,
Тырналар да тізбектелді тыраулап.
Тырс-тырс тамған тамшылар,
Терезенің көзін қойды бұлаулап.

Көк жүзінде түнерген,
Ай адасып, Күн өлген.
Жазбен бірге ауып кеткен секілді,
Бар мейірім бұл елден.

Көшкен бұлттар күркіреп,
Көңілдерді сілкілеп...
Дүниенің жанарына шүпшідеп
Тұнып тұр тек бір тілек...

Жер-Анаға иі Күн!
Шуағыңмен жылғыта тұр бүйірін.
Жұл құстары қайта айналып келгенше,
Мына өлемге керек әлі Мейірім!

Бала жаны – балауса гүл-жапырақ,
Қуанса, күлімдейді күллі атарап.
Кіршіксіз, шын өмірді көргің келсе,
Балабақша ауласын тұр бақылап...

Баласыз базарлы еді дала қашан?!
Баласыз ажарлы еді тала қашан...
Қу дүниенің кірінен тазарасың,
Ойыншықтар дүкенін араласан.

Алданып тірліктегі аламанға,
Жүргенде уақыт зулап барады алда...
Қайта өмірге келесің періште боп,
Дүниеге бала көзбен қарағанда.

**Қуат АДИС,
ақын,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі**



Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат қорындағы 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісесі 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Таралымы 2840 Тапсырыс № 1831